

50 Ұйымдасқан қылмыстылықтың криминологиялық сипаттамасы

1. Ұйымдасқан қылмыстылықтың түсінігі мен белгілері

Ұйымдасқан қылмыстылық - белгілі бір аумақта немесе бақылауға алынған белгілі бір салада барынша көп пайда табуға бағытталған, әрекеттері тікелей немесе жанама түрде өзара байланыста болатын және келісілетін, тұрақты, көпсатылы, жүйелі түрде әрекет ететін қылмыстық құрылымдар (топтар, қауымдастықтар, ассоциациялар) жүзеге асыратын өзара жүйелі байланыста болатын қылмыстардың жиынтығы.

Ұйымдасқан қылмыстылықтың белгілері.

Ұйымдасқан қылмыстылықтың **тұрақтылық белгісі** қылмыстық әрекеттердің созылмалы сипатын және үнемі іске асырылуын; оның жоспарланатынын және алдын ала дайындық жұмыстарының жүргізілетіндігін; басшылықтың және қатысушылар арасында қатаң түрде бағыныштылық сатысының болуын; қатаң тәртіптің болуын білдіреді.

Жүйелілік белгісі - тұрақтылық белгісімен байланысты және келесі сипаттамалар арқылы жүзеге асырылады: тікелей немесе жанама түрдегі өзара байланыс; оның құрылымдарының аумақ, экономика саласы, қылмыстық бизнес (өзара әрекеттер, сатылы байланыс, әрекет ету аясын келісімді түрде бөлу, бәскелестік пен текетірес байланысы және т.б.) түрі.

Ауқымдылығы - ұйымдасқан қылмыстылықтың белгілі бір аумақта, бүкіл ел көлемінде немесе мемлекетаралық сипатта болатынын білдіреді.

Ұйымдасқан қылмыстық құрылымдардың мақсаты қылмыстық жолмен кірістер алуға, ірі және аса ірі мөлшерде пайда табуға бағытталады.

Ұйымдасқан қылмыстық құрылымдардың *қылмыс жасау тәсілдері* кәсіби сипатымен ерекшеленеді. Осы қылмыстарға техникалық тұрғыда мұқият дайындық; рольдерді бөлісу мен жоспарлау; қылмысты сәтті жүзеге асыруға қажетті жағдайлар жасау; түрлі, бірақ өзара байланысты әрекеттер жасайтын адамдардың немесе топтардың әрекеттерін үйлестіру; өз әрекеттерін табанды және қатыгез түрде жүзеге асыру тән болып келеді.

Ұйымдасқан қылмыстық құрылымдардың тағы бір ерекшелігі олардың мүшелерін *қылмыстық жауаптылықтан қорғауды қамтамасыз ететін* арнайы функциялары болуы:

- Әрекеттердің ыждағатпен бүркемеленуі;
- Мүшелер арасында қарсы барлау және күзет функцияларын жүктелген тұлғалардың болуы;
- Қажет болған жағдайда заңсыз қару-жарақ ұстағаны, қолданғаны үшін қылмыстық жауаптылықты өз мойнына алатын қатардағы мүшелерді айқындау (қылмыстық топтардың басшыларын жауаптылықтан құтқаруға мүмкіндік береді);
- Құқық қорғау органдары қолға түсірген немесе көрсетулер беруге шақырған уақытта қылмыстық топ басшыларының мінез-құлқын реттейтін арнайы ұстанымдардың (сценарий) болуы.

2 Ұйымдасқан қылмыстық құрылымдарды топтастыру

Ұйымдастырылу деңгейіне қарай

Ұйымдасқан қылмыстық топтар

Ұйымдасқан қылмыстық қауымдастықтар

Әрекеттерінің аумақтық ауқымдылығына қарай

аумақтық

ел көлемінде әрекет ететін

аумақаралық

трансұлттық (халықаралық)

Қылмыстық әрекеттерінің бағытына қарай

Қылмыстық бизнес - есірткі және психотроптық заттардың, қару-жарақтың, тарихи және мәдени құнды заттардың заңсыз айналымы; стратегиялық материалдар мен зиянды қалдықтардың контрабандасы; адам ағзасының тіндері мен органдарының заңсыз айналымы; автокөліктер жымқыру; құмар ойындарын ұйымдастыру; жезөкшелік және т.б.

Көлеңкелі экономика - түсетін пайданы бақылауға алу және оның бір бөлігін иемдену; бақылауға алынған салаларды өзара бөлісу; мемлекетке кіріс бермейтін түрлі мекемелер ұйымдастыру және т.б.

Заңды экономика - қылмыстық жолмен табылған кірістерді жылыстату; оларды үлкен табыс көздеріне салу және т.б.